ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 12 желтоқсан № 5501-25-00-2/3235 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Т. Жақыпбеков қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Бахитжан Ержігіт Серикұлы» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2. тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «Бахитжан Ержігіт Серикұлы» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Бахитжан Ержігіт Серикұлы» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Бахитжан Ержігіт Серикұлы» жеке кәсіпкерінен Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы»

Құжатқа қол қойылған: Жақыпбеков А. Т., 12.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.01.2026 судья Жақыпбеков А.Т. 20.01.2026
5501-25-3-1/3679

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 4 140 (төрт мың жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыппұлы, 124 (жүз жиырма төрт) теңге сот шығындары өндірілсін.

«Бахитжан Ержігіт Серикұлы» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Т. Жақыпбеков**

Көшірме дұрыс.
Судья А.Т. Жақыпбеков

Анықтама: сот шешімі 19 қаңтар 2026 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Т. Жақыпбеков

Құжатқа қол қойылған: Жакупбеков А. Т., 12.12.2025
Заңды күшіне енген күні 19.01.2026 судья Жакыпбеков А. Т. 20.01.2026
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -
5501-25-3-1/3679